

Қарауылкелді орта мектебінде өткізілген Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы № 2

10.12.2023 жыл

Қатысқаны 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Оқу кабинеттерінің қауіпсіздігіне бақылау жасау
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларымен жұмысты ұйымдастыруға көмектесу
3. Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талқылау

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Г.Елеуова күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

1. Қарауылкелді орта мектебі бойынша оқу кабинеттерінің қауіпсіздігіне кеңес мүшелері бақылау жүргізді. Бақылау нәтижесінде кейбір кабинеттердің бейне бақылаумен жабдықталғаны анықталды. Кабинеттер талапқа сай, мебельдері оқушы жасына сәйкес келеді. Орындықтар мен парталар жеткілікті. Класс бөлмелері жарық, терезелер арнайы тормен жабдықталған. Оқушы өміріне қауіп тудырмайды. Тақталар мен панельді тақталар қауіпсіздігі сақталған. Электр шамдары толық жанады. Кешкі уақытта оқушылар үшін кабинеттер жарық. Кабинеттердің барлығы оқушылар үшін қауіпсіз білім алуға бағытталған.

2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларымен жұмысты ұйымдастыруға көмектесу

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Н.Жүрсін хабарлама жасады. Қарауылкелді орта мектебі бойынша әлеуметтік паспорт жасақталды. Мектепте тегін тамақ ішетін оқушылар тізімі жиналды. Қазіргі таңда мектептен тегін тамақпен 87 оқушы қамтылып отыр. 1-4 класс оқушылар тамақпен толық қамтылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылармен арнайы жұмыс жоспары жасалып, жаңұяларымен тығыз байланысып отырамыз. Арнайы құрылған мобильді топ айына бір рет әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының тұрғын үйлерін аралайды. Қажет уақытында арнайы көмектер беріледі. Мектеп әкімшілігіне үнемі хабарлама беріп отырамыз.

3. Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талқылау

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ДТІЖО Ш.И.Бердіғали хабарлама жасады. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған. Қарауылкелді орта мектебінде оқу жылы басында мектеп бойынша кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспар бойынша барлық жұмыстар өз мәнінде, уақытында өткізіліп келеді. Мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында әр тақырыптарда кездесулер, дебаттар, дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушыларымен мезгілсіз уақытта жүрмеу, болсалау, өз-өздеріне қол жұмсау фактілерінің алдын алу мақсатында ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторлары кездесу ұйымдастырды. Әр ай сайын мектеп мұғалімдері рейдке шығып отырады. Аудандық ПБ-нен келген қатынастар негізінде өткізілетін кезекшілікке де мұғалімдер шығып келеді. Оқушыларға мектеп ұнайды. Оқушылар мектеп инспекторын таниды, жұмыстарына көңілі толады. Оқушылар арасындағы моральдық-психологиялық климат жағымды екендігі анықталды. Оқушылар мектептегі сенім жәшігінің бар екенін біледі, оқушылардың 100% сенім қорабына жүгіну себебі болмағанын айтады.

Ұсыныс: Оқушыларға айналасындағы жақын жандарға сыйластық көрсету, өз мінез-құлқына, сөзі мен іс әрекеттеріне баға беруді үйрену, бойына жақсы мінез-құлық үлгілерін жинақтау, арман мақсаттарының орындалуы үшін өз қызығушылығына қарай өзін-өзі дамыту. Мектепшілік мобильді топпен бірге жұмыстану. Оқушылардың сабақ үстіндегі, мектеп кезіндегі әрекеттерін бақылауда ұстау, ата-анамен тығыз байланыс орнату, құқықтық тәрбие жөнінде дәрістер, түзету-дамыту жұмыстарын өткізу. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері қоғамдағы маңызды мәселе екеніне тоқтала келе, кеңес мүшелерінен бірлескен кезекшілік жұмыстарын жүргізуге көмектесуді сұраймын, Сонымен бірге дін жолында жүрген ата – аналармен жеке сөйлесіп, мектеп ережесін орындауға шақыруды ұсынамын. Түнгі мезгілде көшеде бақылаусыз жүретін оқушылар жоқ. Кейбір кезеңдерде оқушылардың кафелерге қызмет жасауға ата аналарымен бірге шығатыны анықталды. Осы мәселені шешу үшін ата аналармен біріккен кезекшілігін ұйымдастыру керек деп есептеймін.

Жарыссөзге шығушылар:

Н.Оңғаров - Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата –ана

Қамқоршылық кеңес отырысында қаралған мәселелер орынды. Оқу кабинеттерінің қауіпсіздігі балалардың алаңсыз білім алуына жасалған жағдай. Сондықтан бұл мәселе үнемі ескеріліп отыруы керек. Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін кезекшілікті айына бір рет ата аналармен бірлесе отырып өткізуге қарсы емеспіз. Себебі: тәртіп бүгіннен басталуы керек. Жалпы кеңес отырысында қаралған мәселелерге оң баға беремін.

М. Жамаладин – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата –ана

Кеңес отырысына қатыса отырып өз ойымды ортаға салғым келеді. Қазіргі таңдағы проблема ата – анасы дін жолында жүрген оқушылардың жағдайына алаңдаушылық танытамын. Отбасы мүшелерімен арада түсініспеушілік туындаған жағдайда міндетті түрде кеңес мүшелері көмектесуіміз керек. Мезгілсіз уақытта ата анасымен бірге болса да ойын сауық мекемелерінде жүрген оқушылардың ата аналарын тәртіпке шақыруымыз қажет. «Дегенмен де бұл мәселеде ата-аналар мен білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыла жұмыс жасауға шақырамыз. Көп жағдайда ата-аналар тарапынан мұғалімнің бала тәртібін түзеуге қатысты әрекеттерге қарсылық білдіреді. Тіпті құқық қорғау орындары қызметінен кінәрат іздеуге дайын тұратындар да бар. Ата-ана үшін баланың орны қаншалықты бөлек екенін біз жақсы түсінеміз. Дегенмен, бұлай жалғаса берсе онсыз да аумалы-төкпелі күйде жүретін жасөспірім тәртібін уысыңызға ұстау қиындық туғызады. Бала түсінігінің толыққанды қалыптасуында оның жүрген ортасының, араласатын адамдарының ролі ерекше.

Жалпы кеңес отырысында қаралған мәселелерге толық қосыламын.











Жоғарыдағы мәселелерді тыңдап, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Оқу кабинеттерінің қауіпсіздігіне жасалған бақылау еске алынсын.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларымен жұмыс демеушілер қолдауымен ұйымдастырылсын
3. Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында айына бір рет бірлескен кезекшілік жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Кеңес мүшелері:

 Г.Елеуова
 Н.Жүрсін
 Р. Ергалиев
 Б.Абишева
 Н.Оңғаров
 С.Әмидан
 Қ.Аманғалиева
 Ж.Қоспанова
 М.Жамаладин
 А.Тұрмұханова